

**Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 24 желтоқсандағы XXIV сессиясының " Шиелі ауданының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы" N24/3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

**Күшін жойған**

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2010 жылғы 13 шілдедегі N 34/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 28 шілдеде N 10-9-125 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2011 жылғы 01 шілдедегі N 46/3 Шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2011.07.01 N 46/3 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ” Заңының 6 бабының 1 тармағының 1)-тармақшасына және 7 бабының 1 тармағын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат (кезектен тыс XXXIV сессиясы)

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 24 желтоқсандағы XXIV сессиясының "Шиелі ауданының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 6 қаңтарында N 10-9-99 болып тіркелген, аудандық "Өскен Өңір" газетінің 2010 жылғы 16 қаңтарындағы N8, 20 қаңтарындағы N 9 шығарылымдарында жарияланған) N 24/3 шешіміне төмендегіше өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта :

1) тармақшадағы :

"5 434 020" деген сандар "5 505 586" деген сандармен ауыстырылсын;

"872 739" деген сандар "932 739" деген сандармен ауыстырылсын;

"11 100" деген сандар "22 666" деген сандармен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы :

"5 463 650" деген сандар "5 535 216" деген сандармен ауыстырылсын;

аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімінің 1 қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

7 тармақта :

аталған шешімнің 2 қосымшасы осы шешімінің 2 қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

аталған шешімнің 3 қосымшасы осы шешімінің 3 қосымшасына сәйкес  
редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы *Х.Биімбетов*  
Аудандық мәслихаттың хатшысы *С. Оразымбетов*

## **2010-2012 жылдарға арналған аудан бюджетіне түсіндірме жазба**

### **1. Кірістер**

2010 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері аудандық бюджеттің есебінен 71566 мың теңге көбейтілуде.

### **2. Шығыстар**

2010 жылға арналған аудандық бюджеттің шығындары 71566 мың теңгеге көбейтілді.

Оның ішінде бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

Аудандық мәслихатқа қосалқы бөлшектер алуға 232 мың теңге;

Аудан әкімі аппаратына қызметтік автокөлік алуға 2500 мың теңге, жанар майға 480 мың теңге, қосалқы бөлшектерге 1000 мың теңге, жылу жүйесін ағымдағы жөндеуге 1500 мың теңге, бу қазандығын алуға 1000 мың теңге, барлығы 6480 мың теңге;

Кент әкімі аппаратына қызметтік автокөлік алуға 2000 мың теңге, мүмкіндігі шектеулі балаларды оналту орталығының құжаттарын әзірлеуге 151 мың теңге, Яссауий, Амангелді көшелерін жарықтандыруға 4100 мың теңге, ағымдағы жөндеуге 75 мың теңге, көшелерді жөндеуге 35200 мың теңге, барлығы 41526 мың теңге;

Қарғалы ауылдық округіне трансформатордың құжаттарын әзірлеп, күтіп-баптауға 800 мың теңге;

Жуантөбе ауылдық округіне өтемақы төлеміне 184 мың теңге;

Гигант ауылдық округіне өтемақы төлеміне 284 мың теңге;

Телікөл ауылдық округіне қызметтік автокөлік алуға 870 мың теңге, көше жарығына 500 мың теңге, барлығы 1370 мың теңге;

Керделі ауылдық округіне қызметтік автокөлік алуға 870 мың теңге;

Бестам ауылдық округіне қызметтік автокөлік алуға 870 мың теңге;

Майлытоғай ауылдық округіне су жүйесінің құжаттарын әзірлеуге 300 мың

т е н г е ;

Білім бөліміне автокөлік алуға 1700 мың теңге;

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне абаттандыруға 9265 мың теңге;

Аудандық сәулет және қала құрылысы бөліміне Шиелі кентінің түбегейлі жоспарлау жобасын әзірлеуге 2444 мың теңге;

Аудандық құрылыс бөліміне көлік тұрағын салуға 1500 мың теңге, бөлімінің ағымдағы шығындарына 571 мың теңге, барлығы 2071 мың теңге;

Жер бөліміне қызметтік автокөлік алуға 870 мың теңге;

Ветеринария бөліміне келісім шартпен 1 бірлік ұстау шығындарына 300 мың теңге, ауру жануарларды санитарлық саюға және жоюға 1000 мың теңге, барлығы 1300 мың теңге;

Қаржы бөліміне жергілікті атқарушы органның резервіне 1000 мың теңге.

Сонымен қатар бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен түскен сұраныстарға байланысты қаржыландыру жоспарларына ішінара өзгерістер енгізілуде. Атап айтқанда :

Кент әкімі аппаратынан үнемделген 1025 мың теңгенің 500 мың теңгесін жоба сметалық құжаттар әзірлеуге, 525 мың теңгесін ағымдағы жөндеуге;

Аудандық қала құрылысы және сәулет бөлімінен үнемделген 1556 мың теңгені Шиелі кентінің түбегейлі жоспарлау жобасын әзірлеуге;

Аудан әкімі аппаратының түрлі шығындарынан 105 мың теңге шегеріп, мәслихат аппаратының түрлі шығындарына қосу;

Өзгерістерге сәйкес ауылшаруашылық бөлімінің өтемақы төлемінен 327 мың теңге шегеріп, Еңбекші ауылдық округі әкімі аппаратының өтемақы төлеміне қосуды ;

Облыстық бюджеттен Жөлек, Қарғалы, Ортақшыл, Жуантөбе, Керделі, Тартоғай, Сұлутөбе, Еңбекші, Гигант ауылдық округтерін абаттандыруға бөлінген 9 млн теңгені шегеріп, жарықтандыруға қосу жоспарлануда.

Жаңатұрмыс ауылдық округінің өтемақы төлемінен 122 мың теңге шегеріліп, аудан әкімі аппаратының еңбекақысына қосу жоспарлануда.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің " Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу және жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу" бағдарламасынан 562 мың теңге шегеріп, "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасына 298 мың теңге, "Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана

қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету" бағдарламасына 48 мың теңге, "Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу" бағдарламасына 216 мың теңге қосу жоспарлануда.

2010 жылғы 23 шілдедегі

№ 34/2 шешіміне 1-қосымша

2009 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 24/3 шешімінің 1-қосымшасы

## 2010 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
1	2	3	4	5
			<b>Атауы</b>	
			1. Кірістер	5505586
1	0	0	Салықтық түсімдер	932739
1	1	0	Табыс салығы	378776
1	1	2	Жеке табыс салығы	378776
1	3	0	Әлеуметтік салық	307000
1	3	1	Әлеуметтік салық	307000
1	4	0	Меншікке салынатын салықтар	227746
1	4	1	Мүлікке салынатын салықтар	191899
1	4	3	Жер салығы	7240
1	4	4	Көлік құралдарына салынатын салық	27700
1	4	5	Бірыңғай жер салығы	907
1	5	0	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	16143
1	5	2	Акциздер	5107
1	5	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	3610
1	5	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6226
1	5	5	Ойын бизнесіне салық	1200

1	8	0	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3074
1	8	1	Мемлекеттік баж	3074
2	0	0	Салықтық емес түсімдер	4477
2	1	0	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	408
2	1	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	408
2	6	0	Басқа да салықтық емес түсімдер	4069
2	6	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4069
3	0	0	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	22666
3	3	0	Жерді және материалдық емес активтерді сату	22666
	3	1	Жерді сату	17166
3	3	2	Материалдық емес активтерді сату	5500
4	0	0	Трансферттердің түсімдері	4545704
4	2	0	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4545704
4	2	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4545704
<b>Функционалдық топ</b>				
<b>Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі</b>				
<b>Бағдарлама</b>				
<b>Атауы</b>				
2. Шығындар				
				5535216
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	278817
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16076
		1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16076
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	54809
		1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	51034
		4	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	3775
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	181287
		1	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	173942
		23	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	7345
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	14292
		1	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14173
		11	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	119

	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	12353
		1	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12353
2			Қорғаныс	1931
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1931
		5	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1705
		6	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	226
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6684
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6684
		21	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	6684
4			Білім беру	3352617
	123		Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, аул (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппараты	261
		5	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	261
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) білім бөлімі	3181190
		1	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15622
		3	Жалпы білім беру	2692129
		5	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	14000
		6	Балаларға қосымша білім беру	74903
		7	Аудандық (қалалалық) ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	326
		9	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	295008
		11	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	87502
		13	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	1700
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрылыс бөлімі	171166
		37	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	171166
5			Денсаулық сақтау	60
	123		Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, аул (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	60
		2	Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	60
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	409178
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	409178

	1	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22691
	2	Еңбекпен қамту бағдарламасы	57737
	3	Қайтыс болған Совет одағы батырларын, "Халық қаһармандарын", Социалистік Еңбек ерлерін, Даңқ Орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған соғыс ардагерлері мен мүгедектерін жерлеу рәсімдері бойынша қызмет көрсету	54
	4	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	16304
	5	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	29463
	6	Тұрғын үй көмегі	42000
	7	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	34067
	9	1999 жылдың 26 шілдесінде "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, "Халық қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдау	144
	10	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	2984
	11	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу және жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2772
	14	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	31662
	16	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы	133112
	17	Мүгедектерді оналту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	14739
	19	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету	3883
	20	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу	17566
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	761174
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, аул (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	41421
	8	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	31623

	9	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	163
	11	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9635
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	30559
	16	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	5928
	18	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	24631
	12	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	0
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрылыс бөлімі	689194
	3	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	11868
	4	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	50000
	20	Тұрғын үй сатып алуға	2860
	5	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	1500
	6	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	622966
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	173032
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	147112
	1	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7148
	3	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	91896
	6	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	47568
	7	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	500
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	13778
	1	Жергілікті деңгейде аппарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6778
	2	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4000
	3	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	2500
	5	Телерадиохабарлары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	500
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	12142
	1	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7042
	6	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1000
	7	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4100



10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	116172
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	33871
	19	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	33871
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	1699
	8	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	1699
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	30793
	1	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13834
	99	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	16959
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	43274
	1	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4640
	4	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	190
	6	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	1423
	8	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	750
	11	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	36271
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастар бөлімі	6535
	1	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5665
	8	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	870
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	32163
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	8029
	1	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8029
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	24134
	1	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5934
	3	Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу	18200
12		Көлік және коммуникациялар	168979
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	87549

	13	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	87549
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	81430
	8	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау	76930
	23	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4500
13		Басқалар	20275
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	7000
	12	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	7000
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	5973
	1	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5763
	3	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	210
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7302
	1	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	7302
15		Трансферттер	214134
452		Аудандық қаржы бөлімі	214134
	6	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	5281
	20	Бюджет саласындағы еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	199774
	24	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	9079
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	151826
		Бюджеттік кредиттер	151826
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	120176
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	120176
	8		120176

		Ауылдық елді мекендердің, әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	31650
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрылыс бөлімі	31650
	19	Тұрғын үй салу	31650
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
5		Қаржы активтерін сатып алу	0
6		Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-181456
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	181456
7		Қарыздар түсімі	151826
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	151826
	3	Ауданның жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	151826
		Қарыздарды өтеу	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	29630
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	29630
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	29630
	2	Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0
	1	Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0

2010 ЖЫЛҒЫ 13 ШІЛДЕДЕГІ  
 N 34/2 шешіміне 2-қосымша  
 2009 ЖЫЛҒЫ 24 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ  
 N 24/3 шешімінің 2-қосымшасы

## Кент, ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының 2010 жылға арналған жергілікті бюджеттерінің шығыстары

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
1	2	3	4	5
			<b>Атауы</b>	
			2. Шығындар	344449
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету	181287
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	181287
		1	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	173942
		23	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жаратқандыру	7345
4			Білім беру	261
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	261
		5	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	261
5			Денсаулық сақтау	60
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	60
		2	Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	60
7			Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық	41421
			Коммуналдық шаруашылық	0
	123		Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппараты	0
		14	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	41421
		8	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	31623
		9	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	163
		11	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9635
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	33871
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	33871
		19	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	33871
12			Көлік және коммуникациялар	87549

123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	87549
13	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	87549

2010 ЖЫЛҒЫ 13 ШІЛДЕДЕГІ

№ 34/2 шешіміне 3-қосымша

2009 ЖЫЛҒЫ 24 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ

№ 24/3 шешімінің 3-қосымшасы

## 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеттің даму бағдарламаларының тізімі

Функционалдық топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
1	2	3	4
			Атауы
			2. Шығындар
4			Білім беру
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрылыс бөлімі
		37	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау
7			Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрылыс бөлімі
		3	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу
		4	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу
		6	Сумен жабдықтау жүйесін дамытуға
		5	Коммуналдық шаруашылығын дамыту
		19	Тұрғын үй салу